LG
Life's Good

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Hi-Fi Шағын жүйе

Құрылғыны іске пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз.

CM9740 (CM9740, CMS9740F)

MFL67989447

www.lg.com

CM9740-FB_DRUSLLK_KAZ.indd 1 2014-02-04 11:19:06

Қауіпсіздік туралы ақпарат



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУ ҚАУІПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҒЫН (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН), ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТПЕЙТІН ІШКІ БӨЛІКТЕРІН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МАМАНДАРЫНА ТАПСЫРЫҢЫЗ.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі жебе-басты найзағай белгісі өнім қабының ішінде тоқ соғу қауіпіне жеткілікті шамасы бар оқшауланбаған қауіпті кернеу бар екенін пайдаланушыға ескерту үшін арналған.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі леп белгісі өніммен бірге берілетін құжаттамада маңызды пайдалану және қызмет көрсету (жөндеу) нұсқаулары бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.


ЕСКЕРТУ: ӨРТ НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ӨНІМДІ ЖАҢБЫРЛЫ НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ: Бұл жабдықты кітап сөресі немесе соған ұқсас шектеулі жерге орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға су тигізбеу керек (төкпеу немесе шашпау) және құрылғыға вазалар сияқты су толтырылған заттарды қоймау керек.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Желдетуге арналған саңылауларды жаппаңыз. Өндірушінің нұсқауларына сай орнатыңыз.
Корпустағы науалар мен тесіктері желдету үшін қарастырылған және өнімнің тұрақты іскерлігін және қызып кетуден сақтайды.

Өнімді төсекке, диванға, кілем немесе басқа жазық жерлерге қойып, саңылауларын жауып тастауға болмайды. Дұрыс желдету қамтамасыз етілмесе немесе нұсқаулығында арнайы нұсқау берілмесе, өнімді еш уақытта орнатылған кітап сөресі сияқты жерлерге орналастырмаңыз,



ЕСКЕРТУ: Бұл өнім Лазерлік жүйені қолданады. Осы өнімді дұрыс қолдану үшін мына иеленуші нұсқаулығын оқыңыз және осыны болашақта есте сақтаңыз. Құрылғы өкілетті қызмет орталығының қолдауын, байланысын қажет етуі керек. Мына жерде анықталған іс рәсіміндегі бақылаулардан немесе өнімділіктен өзге жолдарды қолдану қауіпті сәуленің пайда болуына алып келеді.

Лазерлік сәуленің тікелей көрсетілуінен сақтану үшін қабығын ашуға тырыспаңыз. Көрінетін лазер сәулесі ашылғанда пайда болады.

Қуат сымы жөніндегі ЕСКЕРТУ

Көптеген құрылғыларды арнайы арнада орнату ұсынылады;

Яғни, сол құрылғыға электр энергиясын беретін, желісінде қосымша розеткалар немесе бөліп тұратын желі жоқ жалғыз розетка. Сенімді болу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығының техникалық сипаттамалары бетін қараңыз. Қабырға розеткасына шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Шамадан тыс жүктеме түскен розеткалар, дұрыс бекітілмеген немесе зақымдалған розеткалар, қосымша кабельдер, тозған қуат кабельдері немесе бүлінген изоляция қауіпті. Осы жағдайлардың кез келгені электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін. Кезеңді түрде құрылғының кабелін тексеріңіз және онда зақым немесе бүліну болса, оны ажыратып, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығында кабельді дәл сондай кабельге ауыстырыңыз. Қуат кабелін бүгілу, оралу, қысу, есікке қысылу немесе басып өту сияқты физикалық немесе механикалық зақымнан қорғаңыз. Штепсель айырларына,

қабырға розеткаларына және кабельдің құрылғыдан шығу нүктесіне ерекше көңіл аударыңыз. Қуат көзін ажырату үшін электр сымының штепселінен тартыңыз. Өнімді орнатқан кезде штепсельге қолдың оңай жетуін қамтамасыз етіңіз.

Бұл құрылғы алынатын батареямен немесе аккумулятормен жабдықталған.

Батареяны құрылғыдан қауіпсіз шығару: Ескірген батареяны немесе батарея бумасын алып тастаңыз да, жинау барысындағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз. Қоршаған ортаның ластануын және адамдар мен жануарлар денсаулығына болатын қауіпті болдырмау үшін ескі батареяны немесе батарея бумасын арнайы жинайтын жерлердегі сәйкес контейнерге салыңыз. Батареяларды және батарея бумаларын әдепкі қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Жергілікті жаңа батарея мен аккумуляторға тегін ауыстыру жүйесін пайдалануды ұсынамыз. Батареяны күн жарығының, оттың немесе сол сияқты қатты ыстықтың әсеріне ұшыратуға болмайды.

Ескі құрылғыны қоқысқа тастау



1. Өнімге осы сызып тасталған дөңгелек себет таңбасы жабыстырылған болса, бұл өнім еуропалық 2002/96/EC нұсқаулығына сай дегенді білдіреді.
2. Барлық электр және электрондық өнімдер әдеттегі қала қоқысынан бөлек, үкімет немесе жергілікті басшылық тағайындаған арнайы жинау орындарына тасталуы тиіс.
3. Ескі құрылғыны дұрыс тастау қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін ықтимал жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі.
4. Ескі құрылғыны тастау туралы қосымша ақпарат үшін қала әкімшілігіне, қоқыс жинау қызметіне немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Ескі батареяларды/ аккумуляторларды қоқысқа тастау



1. Өнімнің батареяларына/ аккумуляторларына шелек таңбасы сызылған дөңгелек белгі жабыстырылса, ол сол өнім 2006/66/EC Еуропа директивасына жататынын білдіреді.
2. Оған қоса, батарея құрамында 0,0005%-дан астам сынап, 0,002%-дан астам кадмий немесе 0,004%-дан астам қорғасын болса, сынап (Hg), кадмий (Cd) немесе қорғасын (Pb) химиялық таңбалары да болуы мүмкін.
3. Барлық батереялар/ аккумуляторлар әдеттегі қала қоқысынан бөлек, үкімет немесе жергілікті басшылық тағайындаған арнайы жинау орындарына тасталуы тиіс.
4. Ескі батареяларды/ аккумуляторларды тиісті түрде қоқысқа тастау қоршаған ортаға және жануар мен адам денсаулығына қауіпті кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.
5. Ескі батареяларды/ аккумуляторларды қоқысқа тастау туралы қосымша ақпарат алу үшін қала әкімшілігіне, қоқыс жинау қызметіне немесе өнімді сатқан дүкенге хабарласыңыз.

Жерге тұйықтау

(Жерге тұйықтылмаған құрылғылардан басқа.) Ықтимал ток соғу қаупін болдырмау үшін, жерге тұйықталған сымға қосылғаныңызға көз жеткізіңіз (яғни, үш істікті, жерге тұйықталған айнымалы ток ашасы үш істікті, жерге тұйықталған айнымалы ток розеткасына қосылуы тиіс.) Жерге тұйықтау әдістері мүмкін болмаса, бөлек электр ажыратқышын білікті электрші орнатуы тиіс. Құрылғыны телефон сымдарына, жайтартқыштарға немесе газ құбырларына қосу арқылы жерге тұйықтауға әрекеттенбеңіз.

Мазмұны

1 Бастау

2 Қауіпсіздік туралы ақпарат
6 Бірегей мүмкіндіктері
6 Керек-жарақтар
7 Ойналатын файлға қойылатын талаптар
7 – MP3/WMA сазды файлына қойылатын талаптар
7 – Үйлесімді USB құрылғылары
7 – USB құрылғысына қойылатын талаптар
8 Қашықтан басқару пульті
10 Алдыңғы панель
12 Артқы панель

2 Қосылу

13 Феррит өзекті қалай жалғау қажет (Тек электромагниттік кедергілер үшін)
13 – Феррит өзекті шам кабеліне жалғау
13 Динамиктерге қосу
13 – Қосылудан бұрын
13 – Негізгі құрылғы мен динамиктерді реттеңіз
14 – Үндеткіштерге қосылу
14 – Жоғарғы арна үндеткішін құрылғыға бекіту
14 – Төменгі арна үндеткішін құрылғыға бекіту
15 – Үндеткіш жарық кабелін құрылғыға бекіту
16 Қосымша жабдықты жалғау
16 – AUX IN қосылымы
16 – PORT. IN қосылымы
17 – USB құрылғысын қосу
17 – Антеннаны қосу

3 Басқару

18 Негізгі әрекеттер
18 – CD/ USB әрекеттері
18 – Қалта мен MP3/WMA файлын таңдау
19 – MP3/WMA файлын жою
20 Ойнату әсері
20 – SMART DJ ойнату
21 – DJ effect
21 – Әсер дәрежесін реттеу
22 – DJ Pro.
22 – AUTO DJ ойнату
23 – JUKE BOX ойнату (Бағдарламаны ойнату)
24 Сымсыз Bluetooth технологиясын қолдану
24 – Bluetooth құрылғыларында сақталған сазды тыңдау
25 – Bluetooth қолданбасын пайдалану
26 – NFC
27 – Bluetooth мүмкіндігін “LG Bluetooth Remote” қолданбасы арқылы іске қосыңыз.
27 Радио жұмысы
27 – Радио тыңдау
27 – Нашар FM қабылдауды жақсарту
28 – Радиостанцияларды алдын ала баптау
28 – Барлық сақталған станцияларды жою
28 Басқа әрекеттер
28 – Дыбысты уақытша өшіре тұру
28 – Файл мәліметтерін көрсету (ID3 тегі)
28 – DEMO
29 – Микрофонды пайдалану
29 – Үндеткіш шамын қосу немесе өшіру
29 – X-FLASH пайдалану
30 Дыбысты реттеу
30 – Қоршаған дыбыс режимін орнату
30 – USER EQ орнату
31 Сағатты баптау
31 – Сағатты “LG Bluetooth Remote” бағдарламасы арқылы орнату
31 – Ойнатқышты дабыл сағаты ретінде пайдалану
32 – Ұйқы таймерін орнату
32 – Күңгірттену
32 – Қуатты автоматты түрде өшіру

4 Ақаулықтарды жою

33 Ақаулықтарды жою
33 – Жалпы

5 Қосымша

34 Сауда белгілер мен лицензиялар
35 Ортақ Мінездемелер
36 ДИНАМИКТІҢ Техникалық Мінездемелері
37 Күтіп ұстау
37 – Дискілер жөнінде ескерімдер
37 – Құрылғыны қолдану

Бірегей мүмкіндіктері

Bluetooth

Bluetooth құрылғысында сақталған сазды ойнатады.

Portable In (тасымалы құрылғы ұясы)

Тасымалы құрылғыдан дыбыс сигналын алады. (MP3, ноутбук, т.б.)

Ойнату әсерлері


Сазды әртүрлі дыбыспен және ойнату әсерлермен ойнатады.

LG Bluetooth ПДУ


LG Bluetooth ПДУысы аддендум боп табылады, сол көмекпен ең соңғы LG дыбысты құрылымдармен қадағалауға болады. 25-27 беттерде қараңыз.

Керек-жарақтар


Қамтамасыз етілген керек-жарақтарды анықтап, тексеріңіз.



Қашықтан басқару пульті (1)



Батареялар (2)



FM Антенна (1)

Ойналатын файлға қойылатын талаптар

MP3/WMA сазды файлына қойылатын талаптар

MP3/WMA файлының осы құрылғымен үйлесімділігі келесімен шектелген.

- Тарату жиілігі: 32 - 48 кГц (MP3) арасында, 32 - 48 кГц (WMA) арасында
- Деректер беру жылдамдылығы : 32-320 кб/с (MP3) арасында, 40-192 кб/с (WMA)
- Ең көп файл саны: 999 дейін
- Қалталардың ең көп саны : 99 дейін
- Файл кеңейтімдері: ".mp3"/ ".wma"
- CD-ROM файл пішімі: ISO 9660/ JOLIET
- ISO 9660 файл жүйесін жасайтын Easy-CD Creator қолданбасын қолдану ұсынылады.

Қайта жазылатын дискілерді пішімдеген кезде оны LG ойнатқыштарымен сай ету үшін пішім опциясын [Mastered] опциясына орнату керек. Опцияны Live File System, жүйесіне орнатқан кезде оны LG ойнатқыштарында пайдалана алмайсыз. (Mastered/ Live File System: Windows Vista жүйесіне арналған диск пішімі жүйесі)


Үйлесімді USB құрылғылары

- MP3 ойнатқышы: MP3 ойнатқышының флеш типі.
- USB флеш жетегі : USB2.0 немесе USB1.1 қолдайтын құрылғылар.
- Бұл ойнатқыштың USB функциясы барлық USB құрылғыларын қолдамауы мүмкін.


USB құрылғысына қойылатын талаптар

- Компьютерге қосылған кезде қосымша бағдарламалардың орнатуын қажет ететін құрылғыларға қолдау көрсетілмейді.
- USB құрылғысын жұмыс істеп тұрған кезде шығарып алмаңыз.
- Сыйымдылығы үлкен USB құрылғылары үшін іздеу біраз уақытты алуы мүмкін.
- Деректерді жоғалтпау үшін, мәліметтердің сақтық көшірмесін жасап тұрған жөн.
- Егер сіз USB ұзартқыш сымын немесе USB хабын пайдалансаңыз, USB құрылғысы танылмайды.
- NTFS файлдар жүйесіне қолдау көрсетілмейді. (Тек FAT(16/ 32) файл жүйесі қолданылады.)
- Құрылғы файлдардың жалпы саны 1 000 немесе одан артық болса қолдау көрсетпейді.
- Сыртқы қатты дискілерге, картридерлерге, оқшаулағыш құрылғыларға немесе қатты дискілі USB құрылғыларына қолдау көрсетілмейді.
- Құрылғының USB порты компьютерге қосыла алмайды. Бұл құрылғыны сақтау құрылғысы ретінде пайдалану мүмкін емес.
- Кейбір USB құралдары осы құрылғымен жұмыс істемеуі мүмкін.

Қашықтан басқару пульті



Батареяны орнату



Қашықтан басқару пультінің артқы жағындағы батарея қақпағын алыңыз да, екі (AAA өлшемді) батареяны ⊕ және ⊖ жақтарын дәл келтіріп салыңыз.

1

⏻ (Қуат) **:** Бұйымды ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ.

⏏ (Ашу/Жабу) **:** Диск науасын ашып жабады.

PRESET·FOLDER Λ/V :

- MP3/WMA файлдары сақталған қалтаны іздеу. Бірнеше қалталарда MP3/WMA файлдары бар CD/USB құрылғысы ойнатылған кезде, ойнатқыңыз келген қалтаны таңдау үшін **PRESET·FOLDER Λ/V** басыңыз.
- Радио станциясы үшін алдын ала орнатылған нөмірді таңдайды.

FUNCTION : Функция мен сигнал кіріс көзін таңдау үшін.

MUTE 🔇 : Дыбысты өшіреді.

VOL +/- : Үндеткіш дыбысын баптайды.

TUNER MEMORY :

- Радио станцияларын сақтайды.
- Барлық сақталған станцияларды жою.

★ : Түймешік ешбір функция үшін қолжетімді емес.

SLEEP : Жүйенің көрсетілген уақытта автоматты түрде өшірілуін орнатады. (Күңгірттеуіш: Бейнебет терезесі жартылай күңгірттенеді.)

• • • • • • • • • • 2 • • • • • • • • • •

REPEAT(MENU) : Жолшық немесе файлдарды қайталап немесе кездейсоқ тәртіпте ойнатады.

TUNING -/+ : Радиостанцияларды таңдаңыз.

I◄◄/►►I (Өткізу/Іздеу) **:**

- Жылдам кері не алға өткізеді.
- Жолшықтың немесе файлдың ішіндегі бөлікті іздеу үшін.

■ ENTER :

- Ойнатуды тоқтатады.
- DELETE функциясын болдырмайды.

►/II (Ойнату/Кідірту) **:**

- Ойнатуды бастау немесе кідірту.
- СТЕРЕО/МОНО таңдайды.

SOUND EFFECT : Дыбыс әсерлерін таңдайды.

AUTO DJ : AUTO DJ режимін таңдайды. (Толық ақпарат алу үшін 22 бетті қараңыз.)

DELETE :

- MP3/WMA файлдарын жояды.
- JUKE BOX тізіміндегі әнді жояды.

• • • • • • • • • • 3 • • • • • • • • • •

0 - **9** сандық түймешіктер **:** Нөмірленген жолшықтарды немесе файлдарды таңдайды немесе нөмірді алдын ала орнатады.

INFO : Саз туралы ақпаратты көрсетеді. MP3 файлы ID3 тегімен жиі беріледі. Жапсырмада тақырып, орындаушы, альбом немесе уақыт туралы ақпарат беріледі.

REGION EQ : Дыбыс әсерлерін таңдайды.

• • • • • • • • • • 4 • • • • • • • • • •

CLOCK : Сағат параметрлерін баптауға және уақытты тексеруге арналған.

TIMER : ТАЙМЕР функциясы арқылы CD, USB ойнатуын және TUNER қабылдауын қалаған уақытта қосып, өшіруіңізге болады.

SET : Параметрлерді құптайды.


SMART DJ : SMART DJ режимін таңдайды. (Толық ақпарат алу үшін 20 бетті қараңыз.)

JUKE BOX :

- JUKE BOX режимін таңдайды.
- Ұнамды саздар тізімін жасайды.

SMART DJ LEVEL +/- : SMART DJ әсерлі дыбыс деңгейін реттейді.

Алдыңғы панель



1 ⏻/I(ҚУАТ)

2 DJ EFFECT

DJ effect таңдайды. (Толық ақпарат алу үшін 21 бетті қараңыз.)

3 SMART DJ

Selects SMART DJ mode. (For more information refer to the page 20)

4 DJ EFFECT CONTROL

Makes a sound on DJ effect mode.

5 SMART DJ LEVEL

Smart DJ деңгейін реттейді.

6 AUTO DJ

AUTO DJ режимін таңдайды. (Толық ақпарат алу үшін 22 бетті қараңыз.)

JUKE BOX

- Ұнамды саздар тізімін жасайды.
- JUKE BOX қосады және өшіреді.

7 ⏏ (Ашу/жабу)

8 Диск науасы

9 PORT. IN ұясы

MIC ұясы

MIC VOL.

10 NFC

NFC байланысы “LG Bluetooth Remote” қолданбасын NFC мүмкіндігі бар телефонда орнатуға және ашуға мүмкіндік береді.

11 Дисплей.

12 CD

CD функциясын таңдайды.

USB

USB функциясын таңдайды.

AUX / BLUETOOTH / MIC. / PORT.

Осы BLUETOOTH, AUX және MIC, PORT. функциясын таңдайды.

TUNER


TUNER функциясын таңдайды.

13 DJ Pro.

Біріктіру үшін CLUB (КЛУБ) немесе FOOTBALL (ФУТБОЛ) дыбыс функциясын таңдайды.(Толық ақпарат алу үшін 22 бетті қараңыз.)

14 DJ Pro.

- **DJ Pro.** Дыбыстың 6 түрін таңдауға арналған перне.
- DJ Pro режимі CLUB (КЛУБ) КҮЙІНДЕ, перне CLUB (КЛУБ) дыбыс әсерінің ойнатылуын көрсетеді.
- DJ Pro режимі FOOTBALL (ФУТБОЛ) КҮЙІНДЕ, перне FOOTBALL (ФУТБОЛ) дыбыс әсерінің ойнатылуын көрсетеді.



15 >II

- Ойнатуды бастайды немесе кідіртеді.
- Стерео/Моно таңдайды.

□

Ойнатуды тоқтатады немесе DELETE функциясын болдырмайды.

I<< / >>I

- Жылдам кері не алға өткізеді.
- Жолшықтың немесе файлдың ішіндегі бөлікті іздейді.

MASTER VOLUME

Үндеткіштің дыбыс деңгейін реттейді.

BASS / TREBLE

USER EQ орнату кезінде дыбыс деңгейін реттейді.

SPK LIGHTING / DEMO

- Жарықтандыру әсерлерін қосу/өшіру.
- Демо көрсетеді.

(SPK жарықтандыру : қызыл жарық диоды сабвуфер динамигінің ішінде жанады.)

USER EQ

Дыбыс регистрін бақылайды.

16 REPEAT

Жолшық немесе файлдарды қайталап немесе кездейсоқ тәртіпте ойнатады.

17 USB 1/2 порты

USB құрылғысын жалғау арқылы аудио файлдарды ойнатады.

18 LG EQ

Дауыс әсерлерін таңдайды.

BASS BLAST

BASS BLAST немесе BYPASS дыбысын тікелей таңдайды.

19 ENTER

Файлды іздеу кезінде қалтаны таңдайды.

20 MULTI JOG / FILE SEARCH

- Сағатты орнатады.
- CD/USB функциясында қалта немесе файлды таңдайды.

21 X-FLASH LEVEL

- X-FLASH режимін таңдайды.

22 X-FLASH ON / OFF

- X-FLASH ҚОСУ/ӨШІРУ режимін таңдайды.
(X-FLASH : Ақ жарық диоды сабвуфер динамигіне қарсы жанады.)


23 FOLDER

Таңдау режимінде қалтаға немесе файлға көшіреді.

DELETE

-JUKE BOX тізіміндегі әнді жояды.
-MP3/WMA файлдарын жояды. (USB ғана)

Артқы панель



1 Қоректену сымы

⚠ Абай болыңыз

- Қоректену сымын қабырға шығысына мүмкін болса тікелей жалғаңыз. Немесе кеңейтім кабелін пайдаланған кезде 110 В / 15 А немесе 230 В / 15 А кабельдерін пайдалану ұсынылады, әйтпесе электр қуаты жетіспеу салдарынан құрылғы дұрыс жұмыс істемейді.
- Кеңейтім сымын шамадан тыс электр қуатымен арттырмаңыз.

2 **AUX IN 1/2** қосқыштары (сол жақ/оң жақ)

3 **ANTENNA (FM)**

4 **SPEAKER LIGHT**

5 **RIGHT SPEAKER**

LOW CHANNEL ⊕ / ⊖
Штекерлік айырларды қосады.

HIGH CHANNEL ⊕ / ⊖
Үндеткіш кабелін жалғаңыз.

6 Желдеткіш

7 **LEFT SPEAKER**


LOW CHANNEL ⊕ / ⊖
Штекерлік айырларды қосады.

HIGH CHANNEL ⊕ / ⊖
Үндеткіш кабелін жалғаңыз.

Феррит өзекті қалай жалғау қажет (Тек электромагниттік кедергілер үшін)

Феррит өзекті шам кабеліне жалғау

Электр кедергісін азайту немесе болдырмау үшін зорайтқыштың шам кабелін жалғаудан бұрын феррит өзекті жалғау қажет.




1. Ашу үшін феррит өзектің тоқтатқышын [a] тартыңыз.
2. Зорайтқыштың шам кабельдерін феррит өзегін айналдыра ораңыз.
3. Феррит өзегін сарт етпегенше жабыңыз.

Динамиктерге қосу

Қосылудан бұрын

1. SPK динамигін тегіс бетке орнатасыз. (Оны кемінде екі адам (A) және (B) сол жақ және оң жақ тұтқа арқылы тасымалдағаны жөн.)



⚠ Абай болыңыз

- Динамиктерді жылжымайтындай етіп, берік бетке орнатыңыз.
- Динамиктер берік бетке ОРНАТЫЛМАСА немесе АЛДЫҢҒЫ ДИНАМИКТІҢ АЯҒЫ (A) SWF(сабвуфер) ДИНАМИГІ бағыттауыш тесігінің жоғарғы жағына сәйкесінше бекітілмесе, қатты шығатын дыбыстан туындаған діріл динамиктерді жылжытып, шуылдайды.


Негізгі құрылғы мен динамиктерді реттеңіз



Үндеткіш салдарынан болатын дірілдің алдын алу үшін құрылғыдан 20 см қашықтықта орналастыру керек.


Үндеткіштерге қосылу

Әр сымның қара түсті ұштарының біреуін "-" (теріс) таңбасымен белгіленген ұясына, келесі ұшын "+" (оң) таңбасымен белгіленген ұясына қосыңыз.



Жоғарғы арна үндеткішін құрылғыға бекіту


1. Тұтқаны сағат тіліне қарсы бағытта бұру арқылы босатыңыз.
2. Сымның жалаң бөлігін әр ұяның жанындағы тесікке салыңыз.
3. Сымды бекіту үшін тұтқаны сағат тілі бойынша бұруды қатайтыңыз.



Кабель	ЖОҒАРҒЫ АРНА
Қара жолақ	жағына қосу ⊖
Мөлдір	жағына қосу ⊕

Төменгі арна үндеткішін құрылғыға бекіту


1. Қорғау қақпағын алыңыз.
2. Штепсель айырын тиісті ұяға жалғаңыз.



Banana plug	ТӨМЕНГІ АРНА
Қара	жағына қосу ⊖
Қызыл	жағына қосу ⊕

Үндеткіш жарық кабелін құрылғыға бекіту

Үндеткіш жарық кабелін құрылғыға бекіту үшін кабельді **SPEAKER LIGHT** қосқышын құрылғыға жалғаңыз.



⚠ Абай болыңыз

- Кабель аяғындағы көрсеткіштер жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Кабельдер құрылғыдағы қосқышқа мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.

⚠ Абай болыңыз


- Үндеткішті жалғыз көтермеңіз. Үндеткішті көтеру үшін екі адам қажет. Әйтпесе бұл үндеткіштің құлап кетуіне және жарақат алуға немесе мүліктің бүлінуіне себеп болуы мүмкін.
- Үндеткіштерді құрылғыға қосқан кезде үндеткіш кабелі мен айыры тиісті үндеткіш ұясына қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыдан кенет шыққан қатты дауыс салдарынан мүгедек, бала және жүкті әйелдер үрейленбеу үшін сазды ойнатудан бұрын дауыс дәрежесін тексеріңіз.
- Құрылғыны шектеулі кеңістікте пайдаланбаңыз. Бұл адамның есту қабілетіне зақым келтіруі мүмкін. Кең кеңістікте пайдалануға нұсқау беріледі.
- Балалар қолдарын немесе басқа заттарды ашылатын динамиктің жарық диоды қақпағына қоймайтынына көз жеткізіп абай болыңыз.
- Үндеткіштердің магнитті бөліктері бар, сондықтан теледидар экранында немесе ЖК мониторында түстердің ретсіздігі пайда болуы мүмкін. Үндеткіштерді теледидар экранынан да, ЖК мониторынан да алыс жерде ұстаңыз.
- Зорайтқыш түсіп кетіп, орнатушы жарақат алуды болдырмау үшін оны басқалардың көмегімен орнатыңыз.
- Динамик шамдарына ұзақ уақыт бойы қарамаңыз.Бұл көру қабілетінің нашарлауына әкелуі мүмкін.

Қосымша жабдықты жалғау

AUX IN қосылымы

Қосымша құрылғының шығу көзін (Camcoder, ТД, Ойнатқыш, т.т.) **AUX IN 1/2** (сол жақ/оң жақ) қосқышына қосыңыз.


Егер құрылғының тек аудио (моно) үшін шығу көзі болса, оны құрылғының сол (ақ) аудио ұяшығына қосыңыз.



DVD, Blu-ray ойнатқышы, т.б.

PORT. IN қосылымы

Тасымалданатын құрылғының (MP3 не PMP, т.б.) шығыс ұясын (құлаққап не желі шығысы) **PORT. IN** қосқышына жалғаңыз.



MP3 ойнатқыш т.б.

Тасымалы ойнатқыштан не сыртқы құрылғыдан саз тыңдаңыз

Құрылғыны тасымалы ойнатқыш немесе сыртқы құрылғының көп түрлерінен сазды ойнату үшін қолдануға болады.

1. Тасымалы құрылғыны құрылғының PORT.IN қосқышына жалғаңыз.

   немесе

   Тасымалы құрылғыны құрылғының AUX IN қосқышына жалғаңыз.
2. Қуатты ⏻/I түймесін басып қосыңыз.
3. Құрылғыдағы қашықтан басқару немесе **AUX / BLUETOOTH / MIC. / PORT.** ішінде **FUNCTION** басу арқылы PORTABLE немесе AUX функциясын таңдаңыз.
4. Тасымалы ойнатқыш немесе сыртқы құрылғыны қосып оны ойнатуды бастаңыз.

USB құрылғысын қосу

USB құрылғысын (немесе MP3 ойнатқыш және т.б.) USB портына жалғаңыз.



Ескертпе

USB құрылғысын құрылғыдан шығару:


1. Басқа функцияны немесе режимді таңдаңыз немесе қашықтан басқару пультінде ■ **ENTER** басыңыз немесе құрылғыда □ екі рет басыңыз.
2. USB құрылғысын құрылғыдан шығару

Антеннаны қосу

Радио тыңдау үшін жинаққа кіретін FM антеннасын жалғаңыз.

FM сым антеннасын FM антенна қосқышына қосыңыз.

FM сымды антеннасы толық ашылғанына көз жеткізіңіз.



Негізгі әрекеттер

CD/ USB әрекеттері

1. ⏏ түймесін басу арқылы дискті енгізіңіз не USB құрылғысын USB портына жалғаңыз.
2. CD басу арқылы немесе құрылғыда USB немесе қашықтан басқару пультінде **FUNCTION** басып **CD** немесе **USB** таңдаңыз.

Осыны	Істеу үшін
Тоқтатыңыз	Қашықтан басқару пультінде ■ **ENTER** немесе құрылғыда □ басыңыз.
Ойнату	Қашықтан басқару пультінде ▶/II түймесін немесе құралдағы ≻II түймесін басыңыз.
Кідірту	Қашықтан басқару пультінде ▶/II түймесін немесе құралдағы ≻II түймесін басыңыз.
Жолшықтың немесе файлдың ішіндегі бөлікті іздеу үшін.	Қашықтан басқару пультінде I◀◀/▶▶I немесе ойнату кезінде құрылғыда I≪/≫I басып, тыңдағыңыз келген жерде тоқтатыңыз.
Жолшықты немесе файлды тікелей таңдау	Қажетті файлға немесе жолшыққа өту үшін қашықтан басқару пультіндегі **0** - **9** сандық түймешіктерді басыңыз.
Келесі немесе алдыңғы жолшыққа немесе файлға өту	Ойнату кезінде (1) I◀◀/▶▶I батырмаларын қолданып: Келесі тарауға/жолға/-+файлға өту үшін немесе ағымдағы тарау/файл/жолдың басына өту үшін ойнату барысында I◀◀/▶▶I түймешігін басыңыз. Алдыңғы тарау/жол/файлға оралу үшін I◀◀ түймешігін екі рет жылдам басыңыз. (2) **FILE SEARCH** батырмасын қолданып: Жолшықты немесе файлды ойнату үшін құрылғыда **FILE SEARCH** айналдырып ▶/II басыңыз.
Қайталап немесе кездейсоқ ойнату	Қашықтан басқару пультіндегі **REPEAT(MENU)** түймесін немесе құрылғыдағы **REPEAT** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Ескертпе

- Дисплей төмендегі ретте өзгереді.

USB	MP3/WMA CD	Дыбыстық CD
REPEAT TRK	REPEAT TRK	REPEAT TRK
REPEAT *DIR	REPEAT DIR	-
REPEAT ALL	REPEAT ALL	REPEAT ALL
RANDOM	RANDOM	RANDOM
OFF	OFF	OFF

*DIR : директория

- JUKE BOX тізімін ойнатқан кезде тек REPEAT TRACK және REPEAT ALL функцияларын пайдалануға болады.
- Тіпті басынан бастаудан немесе бір функцияны екінші функцияға қосудан кейін саз соңғы ойнатылған жерден тыңдауға болады.
- Келесі файл аты әр 30 секунд бойы көрсетіледі. (RANDOM ойнату, AUTO DJ RANDOM ойнату, ойнату тізімінің соңғы файлы, т.т. қоспағанда)
- Егер диск ұяшығын 5 минут бойы ашық қалдырсаңыз, ол автоматты түрде жабылады.
- DTS жүйесіне қолдау көрсетілмейді. Дыбыс пішімі DTS болған жағдайда дыбыс шығарылмайды.

Қалта мен MP3/WMA файлын таңдау

Құрылғыда


1. **FOLDER** түймесін басып, **FILE SEARCH** тетігін қажетті қалтаға жеткенше бұраңыз.
2. **ENTER** түймесін басып, **FILE SEARCH** тетігін қажетті қалтаға жеткенше бұраңыз. Ойнату үшін ≻II басыңыз.

Қашықтан басқару пультінде

1. Қалаған қалта пайда болғанша **PRESET**· **FOLDER** ∧/∨ қайталап басыңыз.
2. Ойнату үшін ▶/II басыңыз. Қалтаның бірінші файлы ойнатылады.

Ескертпе

- CD немесе USB құрылғысындағы қалталар немесе файлдар төмендегідей танылады.



- Егер қалтада ешқандай файл болмаса, қалта пайда болмайды
- Қалталар келесі тәртіпте көрсетіледі; ROOT → FOLDER 1→ FOLDER 3 → FOLDER 7 →FOLDER 8 → FOLDER 5 → FOLDER 6
- Файл мынадан бастап ойнатылады ♪ файл №1 содан соң ♪ файл №14 бірінен кейін бірі.
- Файлдар мен қалталар жазылған ретімен көрсетіледі және жазу жағдайларына сәйкес әртүрлі болып ұсынылады.
- *ROOT: Копьютер сақтау құрылғысын анықтау кезінде бірінші көрінетін экран “ROOT” болып табылады.

MP3/WMA файлын жою

DELETE түймесін басу арқылы файлды, қалтаны немесе пішінді жоюға болады. Бұл функция тек тоқтатылған кезде жұмыс істейді. (USB ғана)

1. -Жою керек файлды таңдап, **DELETE** басыңыз.

   - **FOLDER** басып, **FILE SEARCH** айналдыру және **DELETE** басу арқылы жою керек қалтаны таңдаңыз.

   -USB құрылғысын пішімдеу үшін **DELETE** түймесін басып тұрыңыз.

   немесе

   MP3/WMA файлын таңдаған кезде **DELETE** түймесін басыңыз.

   Дисплей төмендегі ретте өзгереді.

   - DEL FILE? : Файлды жояды
   - DEL FOLDER? : Қалтаны жояды
   - FORMAT? : USB құрылғысын пішімдейді

2. Файл немесе қалтаны жою үшін не форматтау үшін, қашықтан басқару пультінде ►/II немесе құрылғыда >II басыңыз.
3. Ағымдағы режимнен шығу үшін қашықтан басқару пультіндегі ■ **ENTER** немесе құрылғыдағы □ түймешігін басыңыз.

Абай болыңыз

- USB құрылғысын жұмыс барысында шығармаңыз. (ойнату, жою, т.б.)
- Деректерді жоғалтпау үшін мерзімді түрде сақтық көшірме жасаған жөн.
- USB күйіне байланысты жою функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. (құлып, т.б.)

Ойнату әсері

Құрылғы әртүрлі дыбыс пен ойнату әсерлерін қолдайды: SMART DJ, AUTO DJ, DJ EFFECT және JUKE BOX ойнату.

SMART DJ ойнату

SMART DJ сазды әртүрлі дыбыс және ойнату әсерлерімен ойнатады: автоматты әсер, монтаждық өту, кері айналдыру, қайталау, битбокс және дыбыс үлгілері.

USB құрылғысында барлық сазды қайталап ойнатады және әртүрлі әсерлерді кездейсоқ береді.

Оның 3 жанр түрін тамашалауға болады : ELECTRO (ЭЛЕКТРО), HOUSE (ХАУС) және REGUETON (РЕГГЕТОН). **SMART DJ** қайталап басыңыз. **SMART DJ** әр басқанда дисплей келесідегідей өзгереді: SMART DJ OFF -> SMART DJ ELECTRO -> SMART DJ REGUETON.

Мұны болдырмау үшін, “SMART DJ OFF” дисплейде пайда болмағанша **SMART DJ** қайталап басыңызl Сазды әдеттегідей тыңдауға болады.

Әсер дәрежесін реттеу

SMART DJ әсерлі дыбыс дәрежесін LOW, MIDDLE және HIGH арасында реттеуге болады. LOW дәрежесі HIGH дәрежесіне ауысатын болғандықтан, SMART DJ әсері жиі пайда болады және дыбысты қатты естілетін етеді.

SMART DJ режимінде, құрылғыдағы **SMART DJ LEVEL** қайта-қайта айналдырыңыз немесе қашықтықтан басқару пультіндегі **SMART DJ LEVEL +/-** бірнеше рет айналдырыңыз. Дисплей келесідегідей өзгереді: MIDDLE -> HIGH -> LOW.

Ескертпе

- Әнді және төмендегі ойнату әсерлерін табыңыз.

Әсер	Сипаттама
Автоматты әсер	Автоматты түрде көңіл-күйге сай келетін әртүрлі дыбыстарды Auto effect үйлестіреді. Бұған флэнджер, фазер, кідірту және хор кіреді.
Монтаждық өту	Ойнатуды бір саздан екінші саздың басына байсалмен ауыстырады.
Кері айналдыру	Саз бөлігін кері айналымда жылдам ойнатады.
Қайталау	Саз бөлігін қайталайды.
Битбокс	Ойнату кезінде битбокс әсері кірістіреді.
Дыбыс үлгілері	Ойнату кезінде дыбыс қосады.

- SMART DJ режиміне USB немесе CD функциясында қолдау көрсетіледі.
- Әсерді терезені қарау арқылы емес, дыбысты есту арқылы айқындауға болады.
- SMART DJ режимінде тек белгілі бір жанрларды (ELECTRO, HOUSE, REGUETON) ойнату ұсынылады. SMART DJ сол музыкадан тамсана рақат алу үшін оңтайландырылған.
- Функция басқаларына ауысса немесе SMART DJ режимінде өшіріліп-қосылса, SMART DJ өшіріледі.
- Егер SMART DJ өшірілген болса, әсерден рақат алу үшін оны қайтадан қосу қажет.
- Бір уақытта SMART DJ, DJ әсерін және AUTO DJ пайдалану мүмкін емес. Егер біреуін таңдасаңыз, екіншісі автоматты түрде өшеді.

DJ effect

Бұл қырнау дыбысы және Flanger/Phaser/Chorus/Delay FX дыбыс әсері сияқты DJ әсерін тамашалауға мүмкіндік береді.

1. Құрылғыдағы **DJ EFFECT** басып ұстап тұрып, **DJ EFFECT CONTROL** пернесін айналдырыңыз.
   Дисплей терезесі әр кез өзгереді.
   SCRATCH-> FLANGER ->PHASER-> CHORUS-> DELAY -> SCRATCH

Дисплей	Сипаттама
SCRATCH	**DJ EFFECT CONTROL** қай бағытқа бұруыңызға байланысты SCRATCH дыбысының әсерін естуге болады.
FLANGER	**DJ EFFECT CONTROL** қай бағытқа бұруыңызға байланысты FLANGER дыбысының әсерін естуге болады.
PHASER	**DJ EFFECT CONTROL** қай бағытқа бұруыңызға байланысты PHASER дыбысының әсерін естуге болады.
CHORUS	**DJ EFFECT CONTROL** қай бағытқа бұруыңызға байланысты CHORUS дыбысының әсерін естуге болады.
DELAY	**DJ EFFECT CONTROL** қай бағытқа бұруыңызға байланысты DELAY дыбысының әсерін естуге болады.

2. Сол уақытта **DJ EFFECT** пернесінен қолдарыңызды алсаңыз, әсер іске қосылады.
   Оны болдырмау үшін **DJ EFFECT** басып ұстап тұрып, **DJ EFFECT CONTROL** айналдырыңыз.
   Дисплей терезесінде“DJ EFFECT OFF” пайда болған кезде **DJ EFFECT** пернесінен қолдарыңызды алыңыз.

Әсер дәрежесін реттеу

DJ әсерінің дыбыс датчигі 0 - 15 арасында. Әсер деңгейі 0 -15 дейін жылжытатындықтан, SMART DJ әсері жиірек пайда болады және дыбысты күштірек етеді. (SCRATCH (ҚЫРНАУ) режиміндегі ерекше жағдай.)

DJ әсері режимінің датчигін реттеу үшін, екі шартты орындау қажет.(Датчик деңгейі 0-15)

- Қолдарыңызды DJ Effect пернесінен алыңыз.
- **DJ EFFECT CONTROL** пернесін сағат тілімен, не сағат бағытына қарсы бұрыңыз.(SCRATCH(ҚЫРНАУ) режиміндегі ерекше жағдай.)

Ескертпе

- Smart DJ мүмкіндігі қосулы болғанда **DJ EFFECT** (DJ әсері) пернесін енгізіңіз, сондан кейін Smart DJ босатылады және DJ әсері режимі іске қосылады.
- Бұл мүмкіндік тек CD функциясында немесе USB функциясында қолжетімді.
- DJ әсері пернесі енгізілгенде, **DJ EFFECT** (DJ әсері) режимі 3 секунд көрсетіледі.
- Бастапқы әсер режимі - SCRATCH (ҚЫРНАУ).
- Датчик басында бастапқы 8-деңгейде іске қосылады.
- Ағымдағы датчик деңгейі датчикті реттеу кезінде көрсетіледі.(SCRATCH (ҚЫРНАУ) режиміндегі ерекше жағдай)
- Егер функция басқаларына ауысса немесе DJ EFFECT режиміндегі құрылғыны өшірсе не қосса, DJ EFFECT өшіріледі.
- Егер DJ EFFECT өшкен болса, әсерден тамсана рақат алу үшін оны қайта қосуыңыз қажет.

DJ Pro.

Ол таңдау арқылы CLUB (КЛУБ) және FOOTBALL (ФУТБОЛ) дыбыстарын біріктіруге мүмкіндік береді.

- DJ Pro CLUB (КЛУБ) және FOOTBALL (ФУТБОЛ)сияқты екі режимде жұмыс істейді.

Дисплей	Сипаттама
DJ PRO CLUB	**DJ Pro.** басқан кезде CLUB (КЛУБ) дыбыс әсерін естуге болады.
DJ PRO FOOTBALL	**DJ Pro.** басқан кезде FOOTBALL (ФУТБОЛ) дыбыс әсерін естуге болады.

Ескертпе

- Бастапқы DJ Pro режимі - CLUB (КЛУБ) режимі.
- **DJ Pro.** пернесі енгізілгенде, DJ Pro режимі 3 секунд көрсетіледі.
- Ол **DJ Pro.** пернесі басылған кездегі пернені көрсетуге арналған, біріктірілген DJ дыбысы.
  - DJ Pro ре12жимі CLUB (КЛУБ) режимінде, перне CLUB (КЛУБ) дыбыс әсерінің ойнатылуын көрсетеді.
  - DJ Pro режимі FOOTBALL (ФУТБОЛ) режимінде, перне FOOTBALL (ФУТБОЛ) дыбысының ойнатылуын көрсетеді.
- Ағымда ойнатылып жатқан DJ дыбысы тоқтатылады және DJ дыбысы ойнатылған кезде басқа **DJ Pro.** пернесі енгізілген кезде DJ Pro дыбысы араластырылуының іске қосылуы таңдалады.
- DJ Pro режимі Smart DJрежимін басқару кезінде жұмыс істейді.
- Дисплей енгізілген **DJ Pro.** пернесін көрсетпейді.

AUTO DJ ойнату

Auto DJ үздіксіз ойнату үшін бір әннің соңын екінші әннің басына қосады. Ол ойнату үзілмеуі үшін үнділікті жолшықтардың немесе файлдардың бойымен теңгереді.

Қашықтан басқару пультінде немесе құрылғыда **AUTO DJ** қайталап басыңыз, дисплей келесідей өзгереді. RANDOM (AUTO DJ RANDOM) -> REPEAT ALL (AUTO DJ SEQUENTIAL) -> (AUTO DJ OFF)

Режим	Дисплей	Сипаттама
OFF	- (AUTO DJ OFF)	-
RANDOM (кездейсоқ)	RANDOM (AUTO DJ RANDOM)	Осы режимде сазды файлдар кездейсоқ ретпен ойнайды.
REPEAT (қайталау)	REPEAT ALL (AUTO DJ SEQUENTIAL)	Осы режимде сазды файлдар кездейсоқ ретпен ойнайды.

Ескертпе

- Жолшықтар немесе файлдар ішінен бөлімді іздеу немесе қайталап не кері ойнату AUTO DJ режимінде қолдамайды.
